



№37 (1311)

19 qyrkúiek, beisenbi. 2019

TÚRKISTAN

Gazet 1994 jylgy
28 qańtardan
shyǵa bastady

www.turkistan.kz

HALYQARALYQ SAIASI APTALYQ • INTERNATIONAL POLITICAL WEEKLY



ЕЛБАСЫ ЕЛОРДА «ЖАСЫЛ БЕЛДЕУІНІҢ» ДАМУ БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Кездесу барысында Қазақстанның Тұңғыш Президенті экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Е.Нысанбаевтың, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А.Көліновтің және Ақмола облысының әкімі Е.Маржықпаевтың ақпаратын тыңдады.

– Сіздің тапсырмаңызға сәйкес 1997 жылдан бастап біз «жасыл белдеу» құру жұмыстарын жүргізіп келеміз. Бүгінде оның ауданы 87 мың гектардан асады. Биыл отырғызу аумағы 4,6 мың гектарды құрады. 2022 жылға дейін біз жалпы жасыл желектің аумағын 100 мың гектарға жеткіземіз», – деді экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі.

Сонымен қатар, Елбасына агротехникалық іс-шаралардың нәтижесінде алынған мәліметтерді жинау және талдау үдерістерін цифрландыру бо-

йынша жоспарланған шаралар туралы ақпарат берілді.

Сондай-ақ, Қазақстанның Тұңғыш Президентіне Елорданы көгалдандырудың нәтижелері және «жасыл белдеуді» Бұрабай орман алқабымен қосу бойынша қабылданған шаралар туралы баяндалды.

Ұсынылған баяндамаларды назарға ала отырып, Нұрсұлтан Назарбаев Елорда төңірегінде «жасыл белдеу» құру тәжірибесін еліміздің өзге өңірлерінде қолданудың маңыздылығын атап өтті.



© Виктория Шарыбулла/ТАСС

ЖҮЗ КҮННІҢ ЖҮГІ

9 маусымда өткен кезектен тыс Президент сайлауында халық сеніміне ие болған Қасым-Жомарт Тоқаевтың ел тізгінін қолына алғанына 100 күн болды.

Еліміздің басқарушы лауазымдарында үлкен еңбек өтілі бар, еліміздің сыртқы саясатын қалыптастыру кезінде Сыртқы істер министрі, Вице-премьер, министр және Премьер-министр, Сенат төрағасы қызметтерін өз биігінде атқарған Қасым-Жомарт Кемелұлын көпшілік адал әрі жауапкершілігі мол тұлға ретінде бағалайды. Демек, еліміздің саясаты мен экономикасы көз алдында сатылап өскеніне куә болған Президенттің кез келген жауапты міндетті тиынақты атқарып, өз ісін тыңғылықты білетіні осыдан аңғарылса керек.

Мемлекет басшысы бұған дейінгі қызметінде де халықтан қашық болған емес. Өзінің Twitter-дегі парақшасында кез келген мәселеге қатысты пікірін білдіріп, сол іске жауапты саланың бақылауға алуын

қадағалап отыратыны бұрыннан бар. Президент болса да, бұл байланысты үзген жоқ. Өзі айтқандай, әлеуметтік желі мемлекеттік қызметкерлерді халықпен жақын ететіні анық.

Арыс қаласында жарылыс болған кезде жергілікті жұрттың арасынан табылуы да көптің көңіліне демеу болған. Сондай-ақ, Президент атаулы әлеуметтік көмек мәселесін қайта қарап, 1 сәуірден бастап көпбалалы отбасындағы әр балаға 21 мың теңге төлеуді және көп балалы отбасылар, мүгедек баласы барлар, асыраушысынан айырылғандар мен атаулы әлеуметтік көмек алатындар мен жетім балалары бар отбасының банктен алған несиесі кешірілді.

Жалғасы 2-бетте

Басы 1-бетте

ҚР Президенті Қ.Тоқаев ел тізгінін қолына алғалы бері бір-қатар маңызды кездесулер өткізіп, түрлі басқосуларға қатысты.

Былай қарағанда, жүз күн Президенттің атқарған жұмысына баға беретін көп уақыт емес. Алайда, үш ай ішінде недәуір іс-қимылға жұмыларлық жоспар түзілді. Елдің экономикалық-саяси бағыты айқын. Ендігіде Үкімет, министрлер мен әкімдер тек қана жұмыс істеп, нәтижесін халық алдында көрсетуі тиіс. Олар да Президент сияқты халыққа берген уәделерін міндетті түрде орындауға бар күш-жігерін жұмсауы керек.

Біз төменде Президенттің 100 күніне хроникалық шолу жасадық.

12 маусым

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасының Президенті қызметіне ресми кірісу рәсімі өтті.

12 маусым

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев әкімдермен кеңес өткізді.

13 маусым

Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин, Қырғыз Республикасының Президенті Сооронбай Жээнбеков және Ауғанстан Ислам Республикасының Президенті Мұхаммед Ашраф Ғанимен кездесті.

14 маусым

Қазақстан Президенті Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысына қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Тәжікстан Республикасының Президенті Эмомали Рахмонмен кездесті.

15 маусым

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қатар Әмірі Тамим бен Хамад Әл Танимен кездесті.

15 маусым

Қазақстан Президенті Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің V саммитіне қатысты.

19 маусым

Қазақстан Президенті – Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы V «Айбын» республикалық әскери-патриоттық жастар жиынының ашылуына қатысты.

ЖҮЗ КҮННІҢ ЖҮТІ

**21 маусым**

«Қазақстанның Туңғыш Президенті – «Кемеңгерліктің 30 жылы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысты.

24 маусым

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөнінде кеңес өтті.

25 маусым

Қасым-Жомарт Тоқаев Арыс қаласындағы эвакуациялық пунктке барды.

26 маусым

Мемлекет басшысы бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлықтар мен гранттар тапсырды.

4 шілде

Қасым-Жомарт Тоқаев Шетелдік инвесторлар кеңесінің 32-пленарлық отырысына қатысты.

6 шілде

Мемлекет басшысы жаңа «Жекре-Жек» сарайына барды.

7 шілде

Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық домбыра күніне арналған концертке барды.

15 шілде

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысын өткізді.

15 шілде

Қазақстан Президенті әкімдермен кеңес өткізді.

7 тамыз

Мемлекет басшысы ҚР Президентінің хоккейден 10-шы мерейтойлық кубогының ашылу салтанатына қатысты.

13 тамыз

Мемлекет басшысы экономикалық мәселелер бойынша кеңес өткізді.

16 тамыз

Мемлекет басшысы Тамыз конференциясына қатысты.

21 тамыз

Мемлекет басшысы Орталық Азия мемлекеттерінің сыртқы істер министрлерімен кездесті.

23 тамыз

Қасым-Жомарт Тоқаев Қарағандыда еліміздің индустриялық-инновациялық дамуы жөнінде кеңес өткізді.

24 тамыз

Мемлекет басшысы «Ұлытау 2019» халықаралық туристік форумының жұмысына қатысты.

27 тамыз

Қасым-Жомарт Тоқаев бюджеттік жоспарлау мәселелері жөнінде кеңес өткізді.

29 тамыз

Қазақстан Президенті «Ядролық қарусыз әлем және жаһандық қауіпсіздік үшін Назарбаев сыйлығын» тапсыру рәсіміне қатысты.

2 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауын жариялады.

3 қыркүйек

Қазақстан Президенті он мемлекеттің елшілерінен сенім грамоталарын қабылдады.

4 қыркүйек

Мемлекет басшысы Азия қаламгерлерінің I форумына қатысты.

5 қыркүйек

Мемлекет басшысы мұнай-газ саласын дамыту мәселелері жөнінде кеңейтілген кеңес өткізді.

5 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстан мұнай-газ саласының 120 жылдығына арналған салтанатты жиынға қатысты.

6 қыркүйек

Мемлекет басшысы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің алғашқы отырысының жұмысына қатысты.

6 қыркүйек

Қазақстан Президенті Арыс қаласында болған төтенше жағдай кезінде ерекше көзге түскен азаматтарды марапаттады.

11 қыркүйек

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР-на жасаған сапар барысында ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинмен келіссөздер жүргізді.

17 қыркүйек

Мемлекет басшысы ауылды және агроөнеркәсіп кешенін дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізді.

Динара МЫҢЖАСАРҚЫЗЫ